



«САФИ ӨТЕБАЕВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ

№3 ХАТТАМАДАН ҮЗІНДІ

Атырау қ.

27.10.2021 ж.

Қатысқандар: Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы саны-27, оның ішінде қатыспағаны- 3, дәлелді себеппен.

Ғылыми кеңес төрағасы: Басқарма төрағасы-ректор, э.ғ.д., профессор Г.Т. Шакуликова.

Ғылыми хатшы: Г.Д. Мұханғалиева.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселе бойынша

25.00.12 – «Геология, мұнай және газ кен орындарын іздеу және барлау» мамандығы бойынша Мұнай-газ факультетінің профессоры, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты Таскинбаев Косан Мынбаевичтің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қауымдастырылған профессорлығына ұсынылған құжаттарын қарау туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Шакуликова Гүлзада Тәңірбергенқызы, Басқарма төрағасы-ректор, э.ғ.д., профессор: Құрметті ғылыми кеңес мүшелері! Бүгінгі мәжілістің күн тәртібіне 25.00.12 Геология, мұнай және газ кен орындарын іздеу және барлау мамандығы бойынша Мұнай-газ факультетінің доценті, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты Таскинбаев Косан Мынбаевичтің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қауымдастырылған профессорлығына жіберілетін құжаттарын қарау туралы мәселе ұсынылып отыр. Косан Мынбаевич «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ-да көп жылдан бері қызмет атқарып келеді. Мұнай факультетінің деканы, Каспий ғылыми-зерттеу институтының директоры, Геология, геофизика және геохимия ғылыми орталығының директоры лауазымдарында өзінің ұйымдастырушылық, ұстаздық, ғылыми бағыттағы шеберліктерін көрсетті. Косан Мынбаевичтің еңбек жолымен толығырақ таныстыру үшін сөз Ғылыми кеңес мүшесі, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрсұлтанова София Нұрбайқызына беріледі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Нұрсұлтанова София Нұрбайқызы, Ғылыми кеңес мүшесі, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты, профессор: Таскинбаев Косан

Мынбаевич өзінің еңбек жолын 1973 жылы Құлсары кентіндегі Оңтүстік-Ембі мұнай барлау экспедициясының (ЮЭНРЭ) бұрғылаушының көмекшісі ретінде бастады. 1977 жылы (ол кезде В.И. Ленин атындағы) Қазақ политехникалық институтын «Геология және мұнай мен газды барлау» мамандығы бойынша бітіргеннен кейін, сол жерде ұнғымаларды зерттеу операторы болып жұмыс жолын жалғастырды. Содан кейін ол учаске геолог-инженер, аға геолог, экспедиция камералдық топтың бастығы болып жұмыс істеді. 1983 жылы Гурьев қаласындағы «Гурьевнефтегазгеология» өндірістік геологиялық бірлестігінің (ПГО) аппаратына геологиялық басқарма бастығының орынбасары болып, 1986 жылы Каспий маңындағының мұнай барлау экспедициясының (ПНРЭ) геологиялық бөлімінің бастығы қызметіне ауыстырылды. 1988 жылы Қазақ ғылыми-зерттеу мұнай геологиялық институтының (ҚазНИГРИ) болжамдық ресурстар және ұзақ мерзімді жоспарлау секторының меңгерушісі болып тағайындалды, онда 1992 жылы диссертациясын сәтті қорғап, геология және минералогия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. Кейінірек, 1992 жылдан 2001 жылға дейін ол «Атыраумұнай» компаниясының вице-президенті, одан кейін президенті, 2001 жылдан 2005 жылға дейін «Ембімұнайгаз» АҚ перспективалық даму жөніндегі вице-президент - бас геологы, 2005-2010 жылдары «Қазақойл- Ақтөбе» және «Жамбай» компанияларында бас геолог қызметінде, 2010-2014 жылдары «ҚазГБҒЗИ» ЖШС директоры, 2015-2016 жылдары «Потенциал Ойл» ЖШС бас геологы, 2016 жылдан бастап С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде Мұнай факультетінің деканы, Каспий ғылыми-зерттеу институтының директоры, Геология, геофизика және геохимия ғылыми орталығының директоры қызметтерін абыроймен атқарды. Өзінің қажырлы еңбек еткен жылдары ішінде ол Каспий ойпатындағы мұнай-газ кен орындарын ашуға және игеруге қатысты - Кисимбай, Күмісбек, Кордуан (Имашевская), Әлібекмола, Қожасай және т.б., Каспий ойпатының шығысы мен оңтүстік-шығысында барлау жұмыстарын жүргізіп, іздеудің перспективалық бағыттарын негіздеуге қатысты. «Ембімұнайгаз» АҚ вице-президенті лауазымында ол қырыққа жуық кен орнын игеруді тікелей басқарды. Оның қатысуымен белсенді түрде жүзеге асырылған мұнайды қалпына келтіру әдістері және басқа геологиялық-техникалық шараларымен «Ембімұнайгаз» АҚ-на мұнай өндіру жоспарларын жыл сайын орындауға мүмкіндік берді. 2012 жылы ол басқарған мезгілде ҚазГБҒЗИ Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Алтын сапа» сыйлығының жеңімпазы болды. Қазақстанның аймақтық геологиясы мен мұнай-газ әлеуетінің маманы, ғылыми жұмыстармен белсенді айналысады, геология, мұнай кен орындарын игеру, мұнай өндірудің жетілдірілген әдістері туралы 100-ден астам мақала мен баяндаманың авторы және тең авторы. *«Мақат кенішіне 100 жыл. Қазақстан Республикасының мұнай өнеркәсібінің пайда болуы мен қалыптасуы»* атты кітабы, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының 1- сыйлығымен марапатталды, *«Қазақстан Республикасындағы мұнай мен газдың антиклинальды емес тұзақтарын кешенді зерттеу»* тақырыбының ғылыми жетекшісі болып, Білім және ғылым министрлігінің (ҚР БҒМ 2018-2020 жж.) жобалық қаржыландыру шеңберінде аталған бағдарламаны жүзеге асырды. Осы

жұмыстың нәтижелері бойынша 2020 жылы «Қазақстан Республикасындағы мұнай мен газдың антиклинальды емес тұзақтары» негізгі авторлығымен монография жарық көрді. Бұл кітап республикада мұнайлы және газды кен орындарын іздеудің перспективалық бағыты үшін Қазақстанға арналған бірінші кітап болып табылады. Профессор, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің геология, геофизика және геохимия ғылыми орталығының директоры, ғылыми жетістіктері үшін екі академияның корреспондент-мүшесі болып сайланды - Халықаралық Экология және қауіпсіздік ғылымдары академиясы (MANEB, Санкт-Петербург) және Қазақстан Республикасының Минералды ресурстар академиясы (AMR, Алматы). Мұнай энциклопедиясында және «Қазақстан Республикасында кім бар» энциклопедиясында. Шетелдік - АҚШ (2005), Шотландия (2016)- тағылымдамадан өтті. Әлеуметтік белсенді - «Қазақстандық мұнай геологтары қоғамы» (ҚОНГ) құрылтайшыларының бірі және вице-президенті, ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары ретінде 2011, 2013, 2015, 2017, 2019 жылдары өткен, дәстүрге айналған, «АтырауГео» халықаралық геологиялық конференцияларын ұйымдастырушы, осы конференциялардың баяндамаларының жинақтарын, Қазақстандағы мұнай-газ геологиясының дамуына үлкен үлес қосқан мұнай геологтарының өмірбаяндарының және басқа ҚОНГ еңбектерінің редакторы болды. Ол «Мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесінің мүшесі болып сайланды. Белсенді және адал жұмысы, жоғары өндірістік және ғылыми нәтижелерге қол жеткізгені үшін Таскинбаев К.М. «Қазмұнайгаз» ҰК-нің Күміс белгісімен және Құрмет грамотасымен (2003), «Қазақстан Республикасының жер қойнауын барлау ісінің үздігі» (2004) белгісімен, Энергетика және минералды ресурстар министрінің Құрмет грамотасымен (2009 ж.), «Қазақстан Республикасының жер қойнауын құрметті барлаушысы» төсбелгісі (2012 ж.), Халықаралық Экология және Өмір Қауіпсіздігі Ғылымдар Академиясының (MANEB) «Ғылымдағы еңбегі үшін» ордені (2013 ж.), Медаль Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі «Мұнай-газ кешенінің дамытуға қосқан үлесі үшін» (2013), «KazENERGY» медалі (2013), Вице-премьер- Индустрия, министрінің алғыс хаты бар. Осындай ұлағатты еңбек иесі Таскинбаев Косан Мынбаевичті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қауымдастырылған профессорлығына ұсынуды Ғылыми кеңес қолдайды деп сенемін.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Шакуликова Гүлзада Тәңірбергенқызы, Басқарма төрағасы-ректор, э.ғ.д., профессор: Құрметті ғылыми кеңес мүшелері! София Нұрбайқызы Косан Мынбаевичтің еңбек жолы, ғылыми жаңалықтары, марапаттары туралы көлемді етіп таныстырып өтті. Құрметті Кеңес мүшелері, пікірлеріңізді білдіруді сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Ғылыми кеңес мүшелері, профессорлар, ғылым докторлары Д.М. Диарова, Д.О. Құлжанов, А.Т. Сағынаев, Е.Ғ. Ғилажов, Косан Мынбаевичтің ғылыми-зерттеушілік, ұйымдастырушылық еңбегіне қосымша тоқталып өтті. ғылыми жұмыстар және инновация жөніндегі проректор М.Қ. Сыздықов Таскинбаев Косан Мынбаевич үнемі ізденісте жүретін ғалым, үнемі өз білімін басқа әріптестерімен бөлісіп, жас мамандарға сапалы білім беру, ғылымға тарту жолында аянбай еңбек етіп келеді, ғылыми жұмыстармен де айналысулары үшін де жетекшілік етіп келеді, Қазақстанның аймақтық геологиясы мен мұнай-газ әлеуетінің маманы, ғылыми жұмыстармен белсенді айналысады, геология, мұнай кен орындарын игеру, мұнай өндірудің жетілдірілген әдістері туралы 100-ден астам мақала мен баяндаманың авторы екендігін атап өтті.

Ғылыми кеңес мүшелерінің ҰСЫНЫСЫ:

25.00.12 – «Геология, мұнай және газ кен орындарын іздеу және барлау» мамандығы бойынша Мұнай-газ факультетінің профессоры, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты Таскинбаев Косан Мынбаевичтің аттестациялық ісін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Шакуликова Гүлзада Тәңірбергенқызы, Басқарма төрағасы-ректор, э.ғ.д., профессор: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! 25.00.12 – «Геология, мұнай және газ кен орындарын іздеу және барлау» мамандығы бойынша Мұнай-газ факультетінің профессоры, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты Таскинбаев Косан Мынбаевичтің аттестациялық ісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы ұсыныс білдірдіңіздер, Кеңес мүшелерінің дауыс беруін сұраймын. Кеңес мүшелерінің дауыс беру түріне дауыс берулеріңіз сұралады.

«Ашық дауыс беру»

Дауыс беру қорытындысы:

«иә» - 24 дауыс;

«қарсы» - жоқ;

«қалыс қалды» - жоқ.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Шакуликова Гүлзада Тәңірбергенқызы, Басқарма төрағасы-ректор, э.ғ.д., профессор: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, «ашық дауыс беру» түріне бірауыздан дауыс бердіңіздер, олай болса, дауыс беру «ашық дауыс беру» түрінде өтеді.

Дауыс беру

25.00.12 – «Геология, мұнай және газ кен орындарын іздеу және барлау» мамандығы бойынша Мұнай-газ факультетінің профессоры, геология-минералогия

ғылымдарының кандидаты Таскинбаев Косан Мынбаевичтің аттестациялық ісін ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қауымдастырылған профессорлығына ұсыну дауысқа салынды

Дауыс беру қорытындысы:

«иә» - 24 дауыс;

«қарсы»- жоқ;

«қалыс қалды» - жоқ.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

25.00.12 – «Геология, мұнай және газ кен орындарын іздеу және барлау» мамандығы бойынша Мұнай-газ факультетінің профессоры, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты Таскинбаев Косан Мынбаевичтің аттестациялық ісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынылсын.

Ғылыми кеңес төрағасы



Г.Т. Шакуликова

Ғылыми хатшы:

Г.Д. Мұханғалиева